



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кеңес

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек

Астана қаласында ауыл әкімдерінің диалог платформасы өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындады. Сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін нақтылау жөнінде тапсырма берді. Президент ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек деп есептейді. Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып, іске асыру қажеттігін қаперге салды. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – Президенттің нақты ұстанымы. Өйткені ауыл әкімдері ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастыруда. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Президент заңнаманың екіұшты тұстары да барын жасырмады. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді.

– Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет. Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дерменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды, – деді Президент.

Мемлекет басшының айтуынша, жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкерші-



лік шегі анықтапмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді.

– Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн. Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруы тиіс? – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс екенін айтты. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырды. Сондай-ақ ол әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі күшею керектігін айтты.

– Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл дұрыс емес. Әкімдер тұрғындар-

ға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни populistік өрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін. Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы ретінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінін айтты. Шынында қазір елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Ауыл әкімі

бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс. Мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады.

– Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер. Бірақ әкімдер көп жағдайда мұндай өтініштерге атүсті қарайды. Амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз әкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады, – деді Мемлекет басшысы.

Елордадағы арнайы жиынға Жалағаш ауданынан кент және бірнеше ауыл әкімі қатысты. Олардың қатарында Жалағаш кентінің әкімі Мардан Жамалатов та бар. Ол Мемлекет басшысының ауыл әкімдерімен өткізген кең көлемді диалог-платформасын ауыл деңгейіндегі мәселелерді тікелей көтеруге және нақты шешімдер қабылдауға жол ашатын өте маңызды қадам болды деп есептейді.

– Президентіміздің ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, оларға тиісті жағдай жасау, мемлекеттік қызметтің беделін арттыру жөніндегі ұсыныстары біз үшін үлкен қолдау болды. Бұл жиыннан мен ауылдық әкімдіктердің рөлін арттыру, халықпен тығыз қарым-қатынас орнату, ашық әрі тиімді басқару жүйесін қалыптастыру қажет екенін тағы бір мәрте түйдім. Мемлекет басшысы айтқандай, ауыл – елдің өзегі. Сондықтан ауыл әкімінің жұмысы – үлкен жауапкершілік пен сенім жүгін арқалау. Президент атап өткен кейбір түйткілдер бізде де бар. Мысалы, кейде әкімге қойылатын талаптар мен өкілеттіктер арасындағы тепе-теңдік сақталмай қалуы, қаржылық және кадрлық мүмкіндіктердің шектеулі болып қалуы, цифрлық жүйелермен толық қамтылмау сынды мәселелер жұмыс барысында кездеседі. Бірақ осындай диалог алаңдары арқылы бұл түйінді мәселелердің кезең-кезеңімен шешілуіне мүмкіндік туады деп сенеміз. Жалпы бұл басқосу – ауыл әкімдерінің үні естілетін, ұсынысы ескерілетін жаңа дәуірдің басы деп білеміз, – деді Мардан Жамалатов.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Осыған дейін Президент автолизинг бағдарламасын енгізуге қатысты нақты тапсырма берді. Жаңа жүйе салоннан шыққан жаңа көліктерге ғана қатысты, яғни қолданылған автокөліктер бағдарламаға кірмейді. Шындығында бұл – мемлекеттік субсидияланатын жоба емес, нарықтық коммерциялық өнім. Күні кеше елімізде іске қосылған автолизингтің жаңа бағдарламасы бойынша Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жылдық шекті мөлшерлемені бұрынғы 45 пайыздан 36 пайызға дейін төмендетті.

Автолизинг: жаңа көлікке жеңілдік



Qazaqstan Media сайтының хабарлауынша, автолизинг автонесиеден өзгеше. Бұл формат бойынша көлік алғашқы жарнасыз, несиесіз, бірақ ұзақ мерзімге жалға беріледі. Келісім-шарт аяқталған соң тұтынушыда екі таңдау бар. Бірі көлікті лизинг компаниясына қайта тапсыруға қатысты болса, енді бірі қалған қарызын толық өтеп, көлікті сатып алуға мүмкіндік береді.

Лизингтің негізгі ерекшелігіне келсек, көлік барлық төлемдер аяқталғанға дейін лизинг компаниясының меншігінде болады. Ал тұтынушы көлікті пайдаланғанымен оған қатысты барлық төуекелдер үшін жауапты. Көлік зақымдана, ұрлана немесе жойылса, шығынды өзі өтейді. Сол себепті келушілер міндетті түрде сақтандыру рәсімдеуі тиіс.

Шарт талаптарына сәйкес, төлем екі айдан артық кешіксе, лизинг компаниясы көлікті қайтарып алуға құқылы. Жаңа автолизинг қазақстандықтарға көлік алу мүмкіндігін арттыруға бағытталған. Бұл тетік нарықтағы бәсекені де күшейтеді деп күтілуде.

Е.АНУАРҰЛЫ

Сабантоы

Еңбек еленген күн

Ала жаздай өгіс басында еңбектің көркін қыздырған шаруа адамдарының бәрі осында. Әрқайсысының жүзінде қуаныш бар, дәстүрлі шарада бас қосқан ауыл еңбеккерлерінің еңбегі еленетін күн де жетті. Бұл сабантоы – күзгі науқанның қорытынды жиыны. Кім жаздай қалай еңбек етті, соған сай табысқа кенеледі. Қарапайым шаруа адамдарының көбісі үш мезгіл тынымсыз еңбек еткендей, барлығы бүгін қаржылай қолдаудан құр қалмайтын сияқты. Өйткені көңілі шат, жүздері жарқын.

Иә, Ақсудағы «Сәрке батыр» ЖШС еңбеккерлері жыл сайын ауыл шаруашылығы саласын табысты қорытындылайды. Осыған дейінгі су тапшылығы олардың сағын сындырған жоқ, керісінше өгіс басында еңбек адамдары жауапкершілікті еселеді. Кезекпен су алу арқылы бұл мәселені өңсеген ауылдағы ағайын биыл да қамбаны астыққа толтырды.

Аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов алдымен шаруа адамдарының ала жаздай еткен еңбегін тілге тиек етіп, серіктестіктің алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

– Бүгін серіктестік ұжымы үшін маңызды күн, сіздердің жаздай өгіс басында қалай еңбек еткендеріңізге



ел күе, біз де жақсы білеміз. Сол еселі еңбектеріңіз аудандың әлеуетін арттыруға, серіктестік жүйесінде серпін қалыптастыруға оң әсерін тигізді. Сабантойда бас қосқан еңбек ұжымын бүгінгі мерекемен құттықтаймын. Биыл «Сәрке батыр» ұжымы саланы табысты қорытындылады, мұның бәрінде әрқайсысыңыздың қолтаңбаларыңыз бар. Келер жылды да сіздердің табыспен аяқтайтындырыңызға сенім мол. Баршаңызға бүгінгі сабантоы құтты болсын, серіктестіктің жұмысы серпін алып, жұмыс алға баса берсін, табысты болыңыздар, – деді Әліби Байнахатов.

Ақсудағы батыр атындағы ша-

руашылық 100 адамды жұмыспен қамтып отыр. Былтыр серіктестік ұжымы 850 гектар алқапқа Сыр салысын екті, мұнан бөлек 220 гектар жаңа жоңышқа егіп, 440 гектар ескі жоңышқаны күтімге алды. Ал егінді әртараптандыру мақсатында 80 гектар алқапқа мақсары, 50 гектар жерге бидай екті. Ақегістің уақытында суды аз қажет ететін дақылдар да мол өнім берді. Ал күріштің әр гектарынан 55 центнерден орташа өнім жиды.

Жалпы шаруашылықта 35 диқан бар, олардың жаздай күріштің күтіміне басымдық бергенін көзімізбен көрдік. Тіпті қамбадағы астық та ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегінен хабар беріп тұр.

Биыл күріштен мол астық алған диқандар қатарында Рамазан Абайділдаев та бар. Тіпті ол былыл көш бастады, әр гектардан 68 центнер өнім жиған даңғайыр диқандардың ізбасары келер жылды да табысты қорытындылайтынына сенеді. Кешегі сабантойда миллионер атанған еңбек адамдарының қатарында ол да бар.

– Су мәселесі оңай болған жоқ, бірақ Сыр салысының негізгі көрегі де осы. Диқандар ақылдаса келе кезектесіп су алуға бел будық. Соның арқасында бұл мәселені айналып өттік. Шүкір, өнімнің көлемі де, сапасы да жақсы болды. Негізі, диқандар жұмысы жазда басталады, бірақ біз өзіміз күріш егетін

алқаптың қай жері қалай, барлығын жақсы білеміз. Сондықтан ерте көктемде жерді сүдігерлегенде механизматордың қасына жайғасып, бірге жұмыс жасадық. Соның нәтижесі болар, кешегі күзгі науқанда табысты болдық. Бүгін басшылық тарап еңбегімді елеп, 1 млн теңге қаржылай сыйақы берді, еңбектің еленгеніне қуанамыз. Бұл қолдау біз секілді қарапайым шаруа адамдарына айтарлық шабыт қой. Бұйыртыса, келер жылы да тынбай еңбек етеміз, – деді тәжірибелі диқан.

Сабантойда қаржылай және бағалы сыйлықтарға тек ол ғана ие болған жоқ. Барлығының еңбегі еленіп, бірнеше адам 1 млн теңгеден қаржылай сыйлық алды. Мұнан бөлек 500, 400 мың теңгеден сыйақы алғандар да табылды. Сондай-ақ қаншама еңбек адамына бағалы турмыстық заттар табыс етілді.

Майталман механизматор Болатбек Ембергеновтың батыр атындағы шаруашылықта еңбек етіп жатқанына бірнеше жыл болды. Өзі ісінің маманы «мынау сенің міндетің, анау менің жұмысым» дегенді мүлде білмейді. Қай жерде еңбек күші жетіспейді, сонда барып ұжыммен мәселені өңсереді. Көктемде жер айдаса, жаздай еңбек адамдарының жұмысқа жеткізу оның негізгі міндетіне айналады. Ал күзде күріш тасымалына тікелей жауапты.

Кеше майталман механизматордың да еңбегінің еленгеніне қуанып қалдық. 1 млн теңге қаржылай сыйақы алғандар қатарында ол да бар. Табыстау сәтінде әріптестерінің орнынан тұрып, құрмет көрсеткенінен шынында адал еңбекке берілген азамат екенін айқын аңғардық.

– Күріштің барлық бейнетін тек механизматор немесе диқанмен байланыстыра алмайсыз, шындығында мұнда осы ұжымдағы беріні өз

үлесі бар, тіпті қарауылға дейін. Сондықтан мен биылғы жетістікті осы ұжымның еңбегі деп білеміз. Рас, жаңа еңбегімізді елеп, басшылық құрам мерейімізді өсірді. Жыл сайын алға қойған межемізді орындап, сенім үдесінен шығып келеміз, сол абырой биігінен түсірмесін. Әр жұмыстың өз қиындығы мен қызығы болады, өз ісіне адал адам ғана соның барлығын өңсереді. Осы ретте батыр атындағы шаруашылық ұжымы аз еңбек еткен жоқ, бүгін соның нәтижесін көріп отырмыз, барлығына рахмет, – деді Болатбек ағамыз.

Иә, расында жылдың табысты аяқталуында барлығының үлесі бар. Мақсат ортақ, ауызбіршілік мығым орта табысқа да, абыройға да кенеледі. Біз қай кезде барсақ та өгіс басынан табылатын шаруашылықтың бас агрономы Қанат Демесінов те сабантойда 1 млн теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Осындай ісіне мығым азаматтардың құрметке бөленгеніне куә болып қуандық.

Сабантойда серіктестік төрағасы Жамбыл Шахнабаев алдағы жоспарымен бөлісіп, басқа да еңбек адамдарына бағалы турмыстық заттар үлестірді. Сондай-ақ ол әріптестерінің еңбегіне ерекше тоқталып, алдағы жылды да табысты қорытындылауға нақты мақсаттарды барын жеткізді.

«Сәрке батыр» бір ғана серіктестіктің табысы үшін емес, ауылдың қажетіне де шама-шарқына қолғабыс етіп отыр. Шаруашылық жыл сайын заманауи техникалармен жарақталып, мұнда еңбек өнімділігі айтарлықтай артып келеді. Сондықтан олардың алдағы жылды да табыспен қорытындылайтынына сенім мол.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Ауданда 503 жаңа жұмыс орны ашылды

Қазір елімізде жұмыссыздық мәселесін шешпей, халықтың тұрмыс сапасын арттыру мүмкін емес. Сондықтан бірінші кезекте осы жұмыссыздық мәселесімен күресуге, қарапайым халықтың екі қолға бір күрек табуына жол ашуымыз керек. Мемлекеттің де басты саясатының бірі осы, тіпті әлеуметтің әлеуетін көтеруге негізделген арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар да бар. Ал олардың жалағаштықтар жемісін көріп отыр ма? Осы және әлеуметтік салаға қатысты басқа да бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаевпен сұхбаттастық...

— Қанат Шамшатұлы, жалпы ауданда жұмыссыздық мәселесімен күресте қандай жобалар жүзеге асуда. Ұлттық жоба бойынша биыл қанша адам жұмыспен қамтылды?

— Жалағаш ауданы бойынша биыл Ұлттық жоба аясында 16 жобаға жоспар 175 адам болып бекітілді. Бүгінге дейін 184 адам жұмыспен қамтылды, яғни қазіргі таңда меже 105,1 пайызға орындалды. Оның ішінде 183 адамның еңбек шарты тіркеуден өткізіліп, 180 адамның міндетті зейнетақы жарнасы аударылды.

Жүз жаңа жұмыс орны бойынша атқарылған шараларға келсек, 2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасына сәйкес 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру мақсатында аудан бойынша 447 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланды. Қарашаның 15-іне дейін 503 жаңа жұмыс орны ашылды.

— Әлеуметтік көмек және жәрдемқылармен қамту шаралары өз деңгейінде жүзеге асып жатыр ма?

— Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі 15 уңаскелік комиссия бар. Оның ішінде 1 уңаскелік комиссия Жалағаш кентінде болса, қалғаны ауылдық округтер үлесінде.

2025 жылға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі балаларға 158 млн 229 мың теңге қаралды. Қараша айына дейін атаулы әлеуметтік көмек бойынша 85 отбасына 29476,1 мың теңге төленді. Былтыр тиісті мерзімде атаулы әлеуметтік көмекке 127 отбасына 32982,5 мың теңге төленді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке өтініш білдірген 88 отбасында 571 адам бар. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар саны — 381. Біреуі мүмкіндігі шектеулі жан болса, мұнан бөлек 28 студент, 2 зейнеткер бар. Оның ішінде 159-ы еңбекке қабілетті, 18-і жұмыссыз. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің бөлсенді шараларға тарту үлесінің жоспары 77,1 пайызға белгіленіп, қарашаға дейін бұл меже 78,5 пайызға орындалды.

— Олардың ішінде басқа да бөлсенді шараларға қатысқандары бар ма?

— Иә, 20 адам бөлсенді шараға қатысты, қоғамдық жұмысқа 10, тұрақты жұмысқа 4 адам орналасып, кәсіпкерлік бастамаға 6 адам тартылды. Тұрғын үй көмегін көрсетуге аудан бюджетінен 376 мың теңге қаралған. Бүгінге дейін 7 отбасының 10 мүшесіне 375,6 мың теңге төленді. Мамандандырылған түбегі күзеге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, түбегі күзден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға 2025 жылға қаралған қаржы 12510,4 мың теңгені құрайды. Қосымша тамақтануға 44 адамға 9208,3 мың теңге тағайындалып, 43 адамға 8382,6 мың теңге төленді.

«Отан», «Даңқ» ордендерімен наградталған, республикалық құрметті атаққа ие болған 2 азаматқа 149,4 мың теңге әлеуметтік көмек төленген. Өрттің салдарынан зардап шеккен 3 отбасына 1926,7 мың теңге тағайындалып, 2 отбасына 1926,7 мың теңге төленді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген 71 азаматқа облыстық бюджеттен 13 млн 880 мың теңге төленді. Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан 4 азаматқа 786,4 мың теңге төленді. Кеңес армиясының мүгедек 2 азаматына 393,2 мың теңге төленді. Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне, яғни 2 азаматшаға 393,2 мың теңге төленді. Ауған соғысына қатысқан 20 азаматқа аудандық бюджеттен 3 млн 932 мың теңге төленді. Семей ядролық сынақ-

тардың салдарынан зардап шеккен 16 азаматқа 3145,6 мың теңге төленді. Тәжік-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған 15 азаматқа 2 млн 949 мың теңге төленді. Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының 18 азаматына 3538,8 мың теңге төленді. Сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектері бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына, яғни 1 азаматқа 39,3 мың теңге төленді.

Облыс әкімінің гранты бойынша 9 студентке 4916,5 мың теңге оқу ақысына, 2 млн 548 мың теңге тамақтануы мен тұруына, барлығы 7464,4 мың теңге төленді. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмекке қаралған қаржы 40 млн 814 мың теңгені құрайды, бүгінге дейін 2459 маманға 38675,2 мың теңге тағайындалып, 2457 маманға 38643,7 мың теңге төленді.

— Мүгедектері бар адамдардың құқығын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытында қандай шаралар қолға алынды?

— Аудан бойынша мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорына сәйкес қараша айына дейін 1005 мүгедектігі бар адам тіркелген. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедектері бар 243 бала бар. Мүгедектерді сауықтыру және оңалту бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Барлығы 1607 жеке оңалту бағдарламасы бойынша өтініш түсіп, оның 1558-і орындалды.

Қарашаға дейін 875 мүгедектігі бар адам міндетті гигиеналық құралдармен қамтылды. Оның ішінде 76-сы кресло арбамен, 147-сі санаторлы-курорттық жолдаммен, 121-і тифлотехникалық құралдармен, 18-і сурдотехникалық құралдармен, 205-і протездік ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілді. Есту кемістігі бар 6 мүгедектігі бар адамға 1 ымдау тілінің маманы, жүріп-тұруы қиын 1 топтағы мүгедектігі бар 110 адамға жеке көмекшілермен қызмет көрсетіліп келеді.

Осыған дейін облыстық мүгедектерді оңалту орталығына 36 адам жіберілді. Оның ішінде 9 зейнеткер бар. Оң айда 100 мүгедектігі бар адамға, оның ішінде 18 жасқа дейінгі 63 балаға үйден әлеуметтік қызмет көрсетілуде. Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша 6 млн 901 мың теңге қаралды. Оң айда 58 мүгедектігі бар баланың ата-анасынан құжаттар қабылданып, 3 млн 495 мың теңге төленді.

Қызылорда қаласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығына 1 мүгедектігі бар бала орналастырылды. Сондай-ақ облыс орталығындағы №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 1 мүгедектігі бар адам орналастырылды. Аудан бойынша тірек қозғалыс аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға күндізгі стационар жағдайында 12 балаға дейін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі. «Кажмахан» жергілікті қоғамдық бірлестігімен қырық

айында келісім-шарт жасалды. Жергілікті бюджеттен 2025 жылға 12 млн 251 мың теңге қаралды. Жыл басынан бері «Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәметке толған адамдарға қорғаныштық немесе қамқоршылық белгілеуге» 6 адамға қорғаныштық немесе қамқоршылық тағайындалды.

— Жалпы олардың ішінде еңбекке жарамды азаматтарды жұмыспен қамту шаралары өз деңгейінде жүзеге асып жатыр ма және мүмкіндігі шектеулі жандарға басқа да қандай қолдаулар бар?

— «Қызылорда облысының 2025 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №188 қаулысына сәйкес 2025 жылға 2 мекемеге 2 жұмыс орны бекітіліп, 2 квота да орындалды. Тарқатып айтсақ, №114 орта мектепке 1 адам жұмысқа орналасты. Сондай-ақ Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепке тағы 1 адам жолданды.

Мүгедектігі бар адамдар үшін инфрақұрылымды бейімдеу мақсатында Жалағаш ауданы бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда. «Аманат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша ауданда биыл 10 нысанды бейімдеу жоспарланған. Барлығы толық бейімделіп, республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді.

— Еңбек мигранттарына еңбек қызметімен айналысуға рұқсат беру, ұзарту, кері қайтарып алу, пробация қызметтері қалай жүзеге асуда?

— «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 16 мамырдан бастап Қазақстанда «Шетелдік жұмыс күшін тарту» мемлекеттік қызметі автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы көрсетіліп келеді. Еңбек мигранттарына еңбек қызметімен айналысуға рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қызметі бойынша 10 айда 67 өтініш түсті. Оның 48-іне рұқсат берілсе, 8-і ұзартылса, 11-нен бас тартылды. Быыл жұмыс жасауға рұқсат берілген еңбекші көшіп келушілерден 1 млн 187 мың 464 теңге салық түсімдері түсті. Өтініш білдіргендердің барлығы Әзербекстан азаматы.

Пробация қызметі бойынша босатылған және аудандық пробация қызметінде есепте тұрған 42 азамат бар. Оның ішінде 39-ы пробация қызметінде және 3-еуі полиция бөлімінде есепке алынған. Тарқатып айтсақ, олардың ішінде 7-еуі шартты жазаға сотталған, 25-і бас бостандығынан шектеу жазасына сотталған, 7-еуіне белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекеттен шұғылдануға тыйым салынған. 3 адам мерзімінен бұрын шартты түрде босатылып келген. Олардың 27-сі Жалағаш кентінде болса, 15-і ауылдық елді мекендер үлесінде.

Қазіргі таңда олардың 14-і тұрақты жұмысқа орналасты. 6-ауы қоғамдық жұмысқа жіберілді. 4-еуі өзін-өзі жұмыспен қамтыса, 3-еуі жұмыссыз. Біреуі денсаулығына байланысты уақытша жұмыссыз. Сондай-ақ 5-еуі зейнеткер. Біреуі мүмкіндігі шектеулі жан болса, тағы біреуі студент. Ал жетеуінің жоғарыда айтқанындай, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекеттен шұғылдануына тыйым салынған.

Жыл басынан бері «Мансап» орталығына «жұмыс іздеуші» ретінде 25 адам тіркелді. Оның 11-і тұрақты жұмысқа орналасты, оның ішінде 6-ауы квота бойынша, 9-ы ақылы қоғамдық жұмысқа, 1 адам маусымдық жұмысқа жолданды.

Екі адам қайтарымызсыз грант алып, өз кәсібін ашқан. 2 адам тіркеуден шығарылған.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарға бірқолғы әлеуметтік көмек беру мақсатында 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 8 адамның құжаты арнайы комиссияда қаралып, тиісті қаражат төленді. Жыл басынан бері пробация қызметіндегі 5 адамға 124 мың теңге көлемінде азық-түліктей көмек көрсетілді.

«Қызылорда облысының 2025 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №188 қаулысына сәйкес, Жалағаш ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 6 квота белгіленген болатын. Оның ішінде пробация қызметіне есепке алынғандарға 5 және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға 1 квота белгіленді. Мұның бәрі толық орындалды.

Есепті кезеңге аудандық пробация қызметінің есебіндегі адамдарды әлеуметтік қолдау жобасы аясында 4 іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, «Жігер» Қызылорда облысы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 4 сәуірде дойбыдан жарыс ұйымдастырылса, 20 мамыр күні аудандық прокуратураның прокуроры, адвокат және психолог мамандардың қатысуымен психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету мақсатында семинар-тренинг өткізілді. 4 шілде күні аудандық «Руханият» орталығында «Пробация: мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылы» атты дөңгелек үстел өткізілді. Тамыз айында «Мектепке жол» акциясы өтті. Жалпы аталған шаралармен барлығы 84 адам қамтылды. Сонымен қатар Б.Құлтеңенов атындағы жабық бассейнде 2 рет жүзу спортынан жарыс ұйымдастырылып, пробация қызметінде есепте тұратын 4 адам қатысты.

2025 жылы 10 маусым күні «Наркескен» спорт клубында Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп «NEET» санатындағы маргинал жастар мен пробация есебінде тұратын азаматтар арасында кермеге тартылу мен қол күресінен жарыс өтіп, 30-ға жуық азамат қатысты. Мемлекеттік бағдарламалар аясында көсібі мамандықтарға оқыту немесе жеке кәсіппен айналысу мүмкіндіктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қайта қылмысқа бейім азаматтардың қайталап қылмыс жасамауы және қоғамдық тәртіп бұзып, әкімшілік жауапкершілікке тартылмауы үшін ескерту жасалды.

— Жалпы азаматтардың жұмыспен қамту бойынша нақты жобалардың барына көз жеткізді. Енді сол жұмысқа орналасқандардың құқығы қорғалып жатыр ма? Сұрайын дегенім, олардың уақытылы жалақы алуы, оларға міндетті төлемдердің уақытылы жүргізілуі, өндірістік қаражат алмауы үшін қандай шаралар қолға алынууда?

— Биыл әлеуметтік әріптестік жөніндегі аудандық ұшжақты комиссияның 7 рет отырысы өтті. Онда жаңа өзіңіз айтып отқан жалақыларының төленбеуі, міндетті төлемдердің уақытылы жүргізілмеуі, еңбек қарым-қатынастарының жағдайы, кәсіпорындар мен ұйымдарда ұлымдық шарт жасау, сондай-ақ өндірістік қаражаттанудың алдын алу бойынша қабылданатын жатқан шаралар туралы мәселелер қаралды. Сонымен қатар қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша барлық мекеме, ұйым және кәсіпорын басшыларына тиісті тапсырмалар беріліп, мониторинг жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Алған мәселелер әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық ұшжақты комиссияда қаралып, бақылауға алынды.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Жұмыссыздық мәселесін тұсау, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, әлеуметтің әлеуетін көтерудің тиімді тетігі — кәсіпкерлік саласын қолдау. Иә, шынында бұл салада серпін қалыптастыру арқылы ел ішінде бірнеше мәселенің түйінін тарқатуға болады. Бірақ тек қолдау аздық етеді, бірінші кезекте елде ынта болуы керек. Сонда ғана кез келген жобаны жүзеге асыруға жол ашылады. Кәсіп ашуға ынта болса, қазір мемлекет тарапынан оны жүзеге асыруға қолдау басым. Бастысы, оның өз мүмкіндігіне жарата алсаң жеткілікті.



Аграрлық аудан саналатын Жалағашта бұрын тек егін және мал шаруашылығы дамыған болатын. Тіпті кәсіппен айналысуды көздейтін жандардың басым бөлігі тек осы саламен байланыстыратын. Қазір ше, бүгінде кәсіп ашуға елдің ынтасы артты, соның арқасында сала да түрленді, тіпті нәтиже де жоқ емес.

Биыл 10 айда ауданда 2795 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның бүгінде 94,2 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Соның арқасында ауданда 4 440 адам екі қолға бір күрек тапты. Міне, осыдан-ақ саланы дамыту арқылы жұмыссыздық мәселесін тұсауға болатынын аңғару қиын емес.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге келсек, 10 айда айтарлықтай өсім қалыптасқан. Мәселен, ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 34 млрд 486 млн теңгенің өнімі өндірілген. Былтыр тиісті мерзімде 31 млрд 876 млн теңгенің өнімі өндірілген болатын. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 10 айда шаруашылықтардың күрші ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өнімі есебінен 148,1 пайызға артып, 13 млрд 893 млн теңгенің өнімі өндірілді.

Бөлшек сауда көлемі биыл 10 айда 3 млрд 433,8 млн теңгеге орындалған. Аудан бойынша негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемін жыл басында 21 млрд 300 млн теңгеге орындау жоспарланған. Бекітілген жоспарды артығымен орындау үшін 23 млрд 900 млн теңге болып меже қайта бекітілді. 10 айда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 млрд 898,2 млн теңгені құрады.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау, жұмыс істеп тұрған кәсіпін дамыту, жаңа бизнес идеяларды іске асыру мақсатында 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант бағытында аудан бойынша қырықүйек айына дейін 238 жоба 3 млрд 196,8 млн теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес құрылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 168,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылды. Тарқатып айтсақ, өңдеу бағыты бойынша 13 жоба 58,9 млн теңге, асылтұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша 12 жоба 66,1 млн теңге, ара балы өндірісі бойынша 1 жоба 4 млн теңге, құ шаруашылығы бойынша 1 жоба 2,5 млн теңге, қызмет көрсету бағыты бойынша 6 жоба 35 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды. Нәтижесінде 35 жаңа жұмыс орны құрылады.

Қазір бағыдай емес, ауылдағы ағайынның да көсіп ашуға ынтасы артқан. Олар да бүгінде салаға серпін беруге негізделген мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көруде. Мәселен, Жалағаш кентінде 12 жоба 65,8 млн теңге қаржылай қолдау тапса, Ақсу ауылында 5 жоба 29 млн теңгемен қаржыландырылған. Ал шалғайдағы Жаңаталапта 2 жоба 3,7 млн теңге қаржылай қолдау тапты.

Мақпалкөлде де 4 жоба 22,5 млн теңгемен қаржыландырылды. Бұқарбай батыр ауылында 2 жоба 10,7 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Таңда 2 жоба 7,5 млн теңге, Аламекекте 2 жоба 7,8 млн теңге, Еңбекте 1 жоба 4,3 млн теңге қаржылай қолдау тапса, Аққұмда 3 жобаға 15,1 млн теңге қаралған. Мұның бәрі ауылдағы ағайынның кәсіп ашуға ынтасының артқанын аңғартады.

Бұдан бөлек ауданда жалпы құны 35 млн теңгені құрайтын 5 жобаның құжаттары жинақталуда. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жұмыстар әлі де жалғасын таппап.

Биыл ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын барлығы 4 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның арқасында 19 жаңа жұмыс орны ашылды. Тарқатып айтсақ, олардың қатарында «Ер-Әлі» шаруа қожалығының «Күрші ақтау және жем өндіру» зауыты бар. Жобаның жалпы құны 150 млн теңгені құрайды. Жоба толықтай іске қосылып, жаңадан 5 жұмыс орны ашылды.

«Бейбарыс» кәсіпорнының «Кондитерлік өнімдер шығару» цехының жоба құны 50 млн теңгені құрайды. Оның ішінде «Байқоңыр» ӘКК арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4,9 млн теңге қаржылай қолдауға ие болған. Жоба толық іске қосылып, 2 жұмыс орны құрылды. «Тәтті» кәсіпорнының иесі А.Гаюпованың «Сауда және ойын-сауық орталығы» жобасының жалпы құны 380 млн теңгені құрайды. Бұл жоба да толық іске қосылып, 2 жұмыс орны ашылған.

«Таң ЛТД» «Өндірістік база құрылысы» жобасының жалпы құны — 422 млн теңге. Өндірістік база ғимаратының құрылыс жұмыстары толық аяқталып, құрал-жабдықтар орнатылған. Аталған нысанды іске қосу үшін елді мекенде орналасқан электр трансформаторының қуаттылығы жетіспеуіне орай бүгінгі күнге дейін шешімі табылмаған болатын. Серіктестіктің өз қаражаты есебінен аталған трансформаторды орнатуға мүмкіндігі болмау себебіне орай, облыс әкімдігі жанындағы үйістері кенесінің күн тәртібіне енгізіліп, облыс әкімінің қаулысына сәйкес облыстық бюджеттен 187,1 млн теңге бөлінді. Қызылорда электр тарту торабы компаниясы арқылы тиісті жұмыстар жүргізіліп, жыл соңына дейін кәсіпорын толық іске қосылып, 10 жаңа жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

Бұдан бөлек 2026 жылы Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында ауданда 1 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Ол — «Агрохимсервис-С» серіктестігінің жалпы құны 905 млн теңгені құрайтын «қоймалар және шатыр» құрылысы жобасы. Оның ішінде 840 млн теңгесі мемлекеттік қолдау шараларына ие болған. Алдағы уақытта 5 жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінге дейін қоймалардың 90 пайыздан астам жұмысы аяқталған. Қытай елінен құрал-жабдықтардың алғашқы легі келді. Жыл соңына дейін құрал-жабдықтардың толық жеткізу жоспарлануда. Жоба толық келер жылдың 1 тоқсанына дейін іске асырылады. Сонымен қатар биыл Қызылорда облысы әкімдігінің сүйемелдеуімен ауданда жалпы құны 51 млрд теңгені құрайтын «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру және қайта өңдеу бойынша агро-индустриялық кластер құру жобасын іске асыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жобаның екі кезеңмен іске асыру жоспарланған. Оның қуаттылығына келсек, жылғына техникалық қарасора 42 мың тонна, жүгері дәні 70 мың тонна, соя 20 мың тонна. Жоба аясында 60 мың тонна шикізат өңдейтін және май сығу зауыты іске қосылады. Сондай-ақ 150 адам жұмыспен қамтылмақ. Қазіргі таңда облыс әкімдігі мен «Харвест Агро Холдинг» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойылды. Жер учаскесін рәсімдеу және су пайдалану лимиттерін растау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы ауданда кәсіпкерлік саласында серпін бар, соның арқасында жұмыссыздық мәселесін тұсауға да мүмкіндік бар. Бастысы, халықтың кәсіп ашуға ынтасы жоғары, мемлекеттің қолдауы да қарқынды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тарих

Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты көзқарасы

Тұлғаны тәрбиелейтін, тәрбиелеп ел алдына шығаратын – әлеуметтік орта. Қоғамы күшті ел зиялылардың рухымен өркендеген. Елдің жағдайын, халықтың көңіліндегі дүниелерді зерделеп ұғынуға қабілетсіз, қызығушылығы жоқ, ел тұрмысынан бейхабар, әсершіл, ісін қиялмен төрбейтін адамдар қатары басым ортаның дамуы күрделі, қайшылықтарға толы болып келеді. Себебі ел рухының серпілісіне ықпал ететін рухани дүние кездейсоқ қалыптаспайды. Ұлттық рух серпілісі ұрпақтың мыңдаған жыл бойы, уақыт талабына сай ұлттық болмысы мен мүддесін сақтап отыру қажеттілігінен туындаған дәстүр тәжірибелерінен шығады. Бұны өз заманында ойшылдарымыз айтып кеткен.

Алаш тұлғаларының өмірінен ұғынатынымыз, тарихтағы қазақтың рухани өмірі, қоғам шындығы, әлеуметтік шындықты зерделеген ұлттың руханияты, ата-ананың деңгейі (кисілігі) ескеңең ұрпақтың зиялы болуына ықпал еткен. Яғни қазақ тарихындағы ел мен жеке адамның рухани байланысын негіздейтін дәстүр тәжірибелерінің құндылығы, тарихи кезеңнің әрбір сәтінде ұрпақ пен ұлттық мүддені біріктіретін күшін жоғалтпауында.

Ұлттың негізгі күші – ұлттық мүдде, ұрпақтың рухани байлығы, зиялылығы. Ұлттың негізгі мүддесі ұрпақ пен жер, ұрпақ атамекен жерін қорғаса, ұрпақ рухын қорғайтын – тіл дін мен дәстүр. Бұлардың сақталуы, қорғалуы отыруы ұлттың өмір сүру жағдайына, деңгейіне тәуелді. Ұлт өзіне тиесілі мүддесін өзі қорғамаса, оған сырттан келіп ешкім қорғап бермейді. Бұған бірінші мысал – тарихтың (төл тарихымыздың) өзі.

Жерсіз ұлттық мүдде құндылықтары қалыптаспайды, қалыптасқан да емес. Қазақтың барлық мәселелері, әлеуметтік мәселелерді шешудегі қасиеттері ел мен жер тағдыры төңірегінде өрбіген. Себебі ұлттың барлық өмірі, байлығы, тарихы, дәстүр тәжірибелері, ұрпақ болашағы, тәуелсіздік жерді қорғаудан шығып, оны қорғауға бағытталды және мемлекетінің мүддесін қорғау ұрпаққа қашанда міндеттеледі. Қазақ сол себептен жерді анаға теңеген, ата-бабаларының өмір сүрген, тарихи таңбасын қалдырған мекен деп түсінген және бұл ұғым ұлттың біртұтас санасына айналды.

Қазақ дүниетанымындағы «Жерана», «Атамекен» түсінігінен ата-бабамыздың тұран өлке топырағына деген жақындығын, арқа сүйеген болмысын танимыз. Ата-бабаларымыздың ұлттық мүдде түсінігі тарихта өз түрінде өмір сүрген жоқ, қазақ шын мәнінде атамекенді күтті, таза ұстады, қорғады, үнемі байланыста өмір сүрді, адамның толыққанды өсуіне ықпал ететін энергия көзі де осы жер болып табылады. Қазақтың тұрмысында, төрт түлігінде де табиғатқа, атамекен болмысына жақындық бар.

Батырлық – атамекен рухымен байланысты ұлттық қасиетіміздің өнімі, тарихи бір белгісі. Дүниеге шыр етіп келген сәби отбасылық шаңырақтың аясында ата-ана алақанының жылуын сезініп өссе, атамекен елдің шаңырағының астында қазақ баласы өркіндіктің, өмірдің жылуын толық сезінген. Нәтижесінде адам болмысы толық жетілді, елге, жерге жаны ашты, ел мен жерді сатпайтың, керісінше оны сақтауға ұмтылатын зиялылар ел тұрмысынан шыққан.

Қазақтың өзіне, болашаққа деген сенімі жерге деген сезімінен туындаған. Қазақта бір-бірін жатысны жоқ, тіл дәстүр, өнер, рухани өмір ортақ, осының нәтижесінде болмыс тұтас. Ұлттың тұтастығын сақтаған, нығайтып отырған жер, жермен кіндіктес қазақтың тұрмысы, ата-кесібі. Сондықтан қазақ ұғымында жер – жаратылыс иесінің ерекше жаратқан дүниесі, ұлттың дүниесі, ортақ меншігі, негізгі байлығы. Бұл ұғым көне дәуірдегі сақтардың, оның бергі жағындағы түркілердің де дүниетанымында орын алған. Күлттегің жырында жер адамзатқа, халыққа берілген басты құндылық, мүмкіндік мағынасында зерделенді:

Бийікте көк төңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бұмын қаған, істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған,
імілік өткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан өкен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны өңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері (шығыста) – Қадырқан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.

Мемлекеттің негізгі ұрпақтың зиялылығымен, бойындағы рухани қасиеттердің рухымен қалыптасасы. Жоғарыда атап өткеніміздей, бойында ұлттық табиғаты жоқ, тарихтан бейхабар, ұлттық мүдде жүйесінде ел мен жер тағдыры үшін әділетсіздікпен күрескен тұлғалардың аманатын түсінбейтін адамдардың керітартпа мінезі қоғамда жемқорлықтың, парақорлықтың орын алуына ықпал етеді. Не себептен қазақ тұлғалары елді қорғауды жерді қорғаудан бастады? Себебі ел жерсіз өмір сүре алмайды, жер елсіз болмайды. Ел мен жерді қатар қойып, өзін тарих алдында ұрпақтан кіші санайтын адам тәкаппар емес, адамгершілігімен елден безбейді. Кішіпейілділігі, сауаттылығы, адамгершілігі мен шынайылығы арқылы халықты өзіне тартады, халық пен мемлекетті біріктіреді.

Отаршылдық заман қазақтың басына қалай түдй, жер мәселесі де өрши түсті. Отырықшылыққа кіттеп, артқы жерлерді өзіне алуға ұмтылған патша саясатына қарсы Алаш зиялылары газет беттерін кептеген мақала жазған, ашық түрде жерге, ел тағдырына араша түсті. Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты жариялаған мақалаларынан ұғынатынымыз, қазақтың үш мың жыл бойы болмысын бір сәтте өзгерту әділетсіздік. Яғни жұртқа бағыт-бағдар беретін адамдар болса, мемлекет көмектессе, қазақ өкілшілікті, технологияны өзі-ақ үйренеді, бұл бір уақыттың ішінде шешілетін іс емес.

1925 жылы «Ақжол» газетінде жазған «Отырықшылықтың пайда-зияны» атты мақаласында Жүсіпбек Аймауытов жер мәселесіне қатысты былай деді: «Отырықшы болса-ақ қазақ тұрмысы түзеліп кетеді, тез мәдениетті болады» деген пікір даусыз ақиқат емес, өзгермелі, екіұшты, даулы

мәселе деп қараймыз.

Тұрмыс итеріп, шаруа етіліп, амалсыздан отырықшы болу бар. Ондай шартпен отырықшы болатындарға ешкім қарсы бола алмайды: тұрмыстан күшті құдірет жоқ. Қарсы бол, болма, оларды тіршілік таласы отырықшы қылады. Ол қандай шаруа? Малы азайып, көше алмай қалған ел, егін салуға кіріскен ел, жері тарылып, көршілерімен таласып-тармасып, жер алып қалуға душар болған ел, жақсы жеріне басқа біреу қол сұққандықтан, жерін бермеймін деген ел. Оларға үндеудің керегі жоқ, өздері ақ отырықшы болады.

Азды-көпті күн көріш малы бар, елтеп егін салатың, жаз болса, жылжып қонатың, жер жағдайы отырықшы болуды көтермейтін елдер бар. Бұлардың да «Отырықшы болса-ақ, қайтер екен?» деген аузында бар. Ондағы қауіпті жақсы жерді бәрін отырықшы болғандар алып қойып, түбінде көшіп-қонып жүре алмайтын болсақ, жерден құр қаламыз ба? Түпкілікті қоныс болатын жерді сағаласақ дұрыс болар еді. Бұлар тұрмыс айдап отырықшы болмайды. Келешектің қайғысын ойлап не біреудің жеріне қызығып, болмаса отырықшылық пайдалы деп болмақшы. Бұл талап көшпелі елде де, шала көшпелі елде де бар. Әзірге жерден таршылық көрмей отырған елдердің отырықшы болуында зиян бар демекпіз».

Қазақ ұлты ұланғайыр даланы иеленуде, атамекенді сақтауда ел тұрмысын сақтап, ұлтты біріктіретін ортақ тәсілді қалыптастырған. Ол көшпелі тұрмыс арқылы ұлттың болмысын, мемлекеттің тұтас мүддесін сақтау қажеттілігінен туындаған. Қазақ көшпелі тұрмыс арқылы табиғаттың құнарын, тазалығын сақтап отырған, елді, ұрпақты біріктіріп отыратын дәстүрдің, тілдің, ділдің байлығын арттырған, дінді таза ұстаған. Жүсіпбек Аймауытов «егер қазақ халқы патша өкіметінің саясатына иланып, аяқасты отырықшылыққа көссе, алдымен жерінен, ел мыңдаған жыл бойы жинақтаған қорынан айырылады» деген. Алаш зиялысының айтуы бойынша, халық жаңа тұрмыс тәсілдеріне біртіндеп көшуі қажет және жаңа заманның жерді өңдеу тәсілін біртіндеп қажетінше үйренеді. Жаңа технологияны меңгеруде ұлт мың жылғы дүниесінен қол үзбейі қажет, білім, технология елдің өмірін жақсарту, экономиканы дамыту үшін қажет, ал мемлекеттің негізін құрайтын ұлттың болашағы төл құндылықтарына, үелді. Сондықтан мемлекеттің тұтастығын қорғауда тұрмыс мәселесіне болмыс жағдайымен, тәсілімен қарау керек.

Ахмет Байтұрсыновтың айтуы бойынша, жер – жеке адамның емес, алдымен ұлттың мүддесі, сондықтан ол – мемлекеттің қазынасы, үнемі солай болады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов қазақтың жерінен айырылмауды ескертті, себебі қазақ жерді жекеменшікке алуға әлі дайын емес. Патша өкіметінің отырықшы қылу саясатына сеніп, аз жерді иеленгенімен қазақ негізгі ұлттың байлығы ұлттық мүддесінен қол үзеді. Патша өкіметі халықтың аңғалдығын пайдаланып, жақсы, шұрайлы жерлерді өзіне алып, халықты құнарсыз жерлерге ығыстырды. Сөйтіп ел жерінен айырылады, құнарлы жерлерінен қол үзген елдің тұрмысынан күй кетеді, елден күй кеткесін кейінгі ұрпаққа ештеңе қалмайды. «Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғанын, отырықшы нормаммен қазақтар жер алғанынан переселен чиновниктері не үшін құттайтынын қазақтарға түсіну өнді қиын болмайтын шығар» деген Ахмет Байтұрсынов.

«Тісі шыққан балаға шайнап берген ақ болмаса» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой. Переселен шенеуліктері – алушы, қазақтар – беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өздеріне жағымды жағын көздегенде қазақтар өзіне жағымды жағын көздеуі тиіс. Құр пәленше пәлен етіп қалып жатыр деген дақыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек.

Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы жан айқаы жайдан-жай туған жоқ, олар қазақтың мыңдаған жыл бойы жүріп өткен жерін кеңінен зерделеді, хандардың, батырлардың, ойшылдардың, ел мен жер тағдыры тұрғысындағы қазақтың діни қайраткерлерінің ілімін, ұстанымын, күресін ескерді, терең білді, осының нәтижесінде өз еріктерімен жер тағдырына ара түсті. Бүгін ұлттың саны аз шығар, жағдай болса, апат болмаса (ауру, ашаршылық, соғыс) өртен ұрпақ өседі, ұрпақ өссе, ұлт өседі сонда ұлттың тағдырын шешетін жер. Бұл – қазақтың түсінігі. Тарихта қазақта неге көп бала болды? Көпбалалы қазақ шаңырағының негізінде ұлттың идеологиясы жатыр. Әр бала ер жеткен соң жерін, елін қорғайды, сол жер мен елді қорғауда адам шығыны көп болады, сырттан елге көз тіккен жау ақымақ емес, ал оны тоқтатып, елді жаудан қорғау үшін күш керек, күш – ұрпақ, ұлт санының көптігі. Сондықтан қазақтың әрбір ата-анасы баланы өзі үшін емес, ел болашағы үшін өсіріп, тәрбиелеп отырған. Алаш зиялылары ұлттық мүдде мәселесін зерделеген тарихтағы қазақ халқының ерлігін, ерлік иелерін тәрбиелеп, қоғам алдына шығарған ата-ананың еңбегін де ескерген.

Алаш зиялыларының ұғымында жерді қорғаған бабаларымыздың ерлігінен, яғни солардан жеткен мұра бар жерді пайдалану, өңдеу оңай. Батырлықтың мектебін құрып, ілімін сақтаған қазақ уақыты келсе, жерді өңдеуді де үйренеді, тек оған жағдай керек. Жағдай болмаса, шаруа қанша данышпан болса да өз ісін түрлендіре алмайды. Жер мәселесіне келгенде жер иесі ұлттың құқығын ескеру қажет, себебі ел мен жер үшін төр төккен адамдардың рухы осы атамекенге сіңіп қалады. Батырлар көтсе,



олардың рухы, ісі, тарихы осы жердің бойында. Сол себепті жер – қазақ үшін тауар емес, қасиетті нәрсе, ұлттың мекені. Қазақ болмысының тұтас әрі терең болуына жердің ықпалы мол. Қазақ баласына жерді жарапала ойнамауды да ескерттеді. Жерді қазуға, бүлдіруге болмайды деген қарапайым түсініктің өзі қазақта ұлттық сана негізіне айналған.

Тарихқа қарасақ, қазақта жерге келгенде бөлінбейді, сенің жерің, менің жерім деген ата-бабамызда жоқ, бәрі қазақтың жері. Қазақ топырағында мыңдаған малы бар, елге қамқор болған байлар өткен, бірақ олардың ұғымында жер – ұлттың қазынасы, ұлттың меншігіндегі дүние. Бай – бүгін бар, ертең бұл өмірде жоқ адам. Ол кетсе, оның байлығы да кетеді, себебі қазақ байлықты сол байлық иесі адамның ырысы деп түсінген. Иесі кетсе, дәулет те тұрмайды, себебі ырыс өз иесімен ғана жүреді. Қазақ «бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деп тегін айтпаған. Қазақта бай адам – төрт түлік малдың иесі, байлықтың иесі, өз руының басшысы, би, яғни зиялы әрі діни қайраткер адам. Тарихтан қазақ байларының жекеменшік жері деген сөзді естігеніміз жоқ. Мәселен, Құнанбай сынды қазақта ұлтық жанаушыр бай әрі би адамдар болған. Бірақ олардың жеке басына келгенде жекеменшік жер деген сөз болмайды, демек қазақтың байлары бұл қатарында болған мал-мүлік өзінің болғанымен, жер – ұлттың дүниесі. Бай да, би де, хан да, батыр да – бір ұрпақ буынның өкілі. Алаш зиялылары жазып кеткендей, атамекен жерін оған ел болып, ұлт болып, халық болып иелік еткен жұрт қана сақтай алады. Ахмет Байтұрсынов «Жер жалдау жайынан» атты мақалада «Жұрт істеп отырған ісін қызық я түзу деп айтпай ғана қолымыздан келеді, істеліктей, тоқтау қолымыздан келе ме? Қазақ жерінің тұтқасының өкі үш екі қолда: бір ұшы қазаққа, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып қалып жатыр. Жерді қолдан қазатты ұстау, бос ұстау өздерінен. Оған біз не істейміз?»

Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасақ іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасынан зарарына тіпті қарамайды. Жұрт жер кетпесе менің деп жерден кетпес, жұрт жерден айырылса, мен де жерден айырыламын ғой деп еш ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қонсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ» дейді.

Елдің тірегі – жер, ел жеріне бірлігімен ғана иелік етеді, бірлік алдымен ел алдында жүретін адамдарда болуы қажет. Қазақ тұлғаларының бірлігі – халыққа жақындық, қарапайым, мейірімді, кішіпейіл, әдепті болу. Кісілік қасиетімен зиялылар халықтың сенімін сақтайды, ал сенім – ел бірлігі үшін қажет ең басты құндылық. Билеріміз айтқандай, жалғыз ағаш орман емес, жалғыз адам жалғыз жүріп ерлік көрсеткенімен елге қарша болма алмайды. Қазақтың байлары тарихта осыны ескерген. Олардың алдындағы міндет – елге жерге ие болу, осы ұстанымды ұлттық идеология ретінде алаш зиялылары өз заманында елге еткізді. «Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бүзеп өзгерту оңай іс емес. Қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түінін шешуге де сонша білім керек. Қазақ – мал баққан халық, қазіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақыла сыйдыруға болмайды». Халықтың тұрмысы 20-30 жылда ғана емес, дүние тұрғына тұрады. Сол үшін түбін ойлағанда қазіргі тұрмыстың нәше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасақ керек» деп жазған Міржақып Дулатов.

Алаш зиялыларына (қазақтың хандары мен батырлары секілді) ұлттық мүддені қорғау мақсатында ел мен жер тағдырына ара түсу оңай болған жоқ. Патша өкіметінің қазақ жерлерінің байлығын зерттеп, есепке алу мақсатында құрылған ұйымына ел үшін білімімен өзін мойындатып экспедиция құрамына кіру, патша өкіметінің көздеген саясатының бағытын тереңірек білу, әлем жұртының және келер ұрпақ алдында қазақ ұлтының атамекен жер болмысымен тығыз байланыста қалыптасқан құндылықтарын тарих бетіне түсіру, оған өз тұрғысынан ғылыми негізде баға беру Әлихан Бөкейханов сынды Алаш тұлғаларының ұлт алдында атқарған қасиетті ісі деп білеміз. Көріп отырғанымыздай, олардың жер мәселесі, ұлт мүддесі тұрғысында жазған дүниелері аз емес.

Әлихан Бөкейхановтың қазақ жерлері мен көшпелі мал шаруашылығы туралы жазған еңбектері «Дала өлкесіндегі қол шаруашылығы» және «Дала өлкесіндегі түпкірлеріндегі қоныстары» деп аталады. Бұл шығармаларда сонау қазақтың көне тарихынан қалыптасқан жерді иелену мен

пайдаланудағы тәжірибелер, шаруашылық өнімдері, мал шаруашылығынан өндірілетін азық-түлік өнімдерінің құнары, қазақтың көшпелі мал шаруашылығының экономикалық тиімділігі, асыл тұқымды төрт түліктің түрлері көрсетілген. Бұл еңбек қазақтану ғылымының іргетасы болды. Ә.Бөкейханов зерттеген нәрселер әлі де өзекті. Біз бүгін осыдан жүз жыл бұрын айтып кеткен алаш зиялыларының қазақтың асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту ісіне қайта оралудамыз. Олардың жазып қалдырған мұраларындағы идеяларға сүйенсек, қазақ тұрмысындағы құндылықтар (өнімдер) қай заманда да қасиеті мен құнын жоймайды. Біз тек соны үлгі ретінде пайдалануымыз керек.

Өздері өмір сүрген аумалы төкпелі заманның қиындығына қарамастан тарихты терең біліп, оның бойындағы ұлттың тәжірибелерін өз заманына жеткізген, адамзат қоғамының бойындағы жаңа білім түрлерін иеленіп, өз қоғамына икемдеген қазақ зиялыларының тағалымы – ел үшін баға жетпес дүние. Олар қазақты отырықшылыққа үгіттеп, артық құнарлы жерін алуды көздеген патша саясатына қарсы шығып қана қоймай, елді мыңдаған жыл бойы қалыптасқан болмысынан тұрмысынан қол үзбеге шақырды, елге дұрыс бағытты көрсетті. Әлихан Бөкейханов «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, науасына қарай адам баласы мал баққан, егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бері көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің науасы егінге қойлайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған.

Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады. Көшпелі мен мал шаруасын бір қылып қосақтап отырған үкімет осылай етсе, өзіне пайда шығатын болған соң, Қазақ жері – мал кіндігі, әрпінда бұрын қандай жұрт жүрсе де мал баққан. Біздің ақылмызша, адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен көп жылдарда ауырылды. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егіш болса қоймайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер аласа, үлкен аяққа тар етік киен боларды» деп айтып кеткен.

Ұрпақтың ұлт болып ұйысуы, ел болып бірігуі ұялылардың беретін дұрыс бағыт-бағдарында. Әр адам өзінің тарих, ел ұрпақ алдындағы парызы мен құқығын білсе, алдымен оның елі сақталады. Әлихан Бөкейхановтардың халқына үйреткен өмір сүріп отырған ортасына, ел болашағына ұлттық мүдде тұрғысынан қарау, ұлттық мүдде мәселесіне келгенде ер адам өзінің оның болашағына жауапты екенін білу. «Мен қорғамасам елімді (жерімді) кім қорғайды?» деген ұғым қазақ тұлғаларында (батырларда) болған, бұны зиялылықтың басты принципі деп айта аламыз.

Ұлт мүддесі, жер мәселесі қай заманда да ел алдында тұрған. Елге көз тіккен жұрт алдымен жерге көз тігеді. Ата-бабаларымыз тарихта қаншама соғысты басынан өткізсе, соның бәрін өздері ашыған, сырттан келген жаудан жерді, елді қорғау үшін жаумен күрескен. Санғасырлық тарихтың мәні жерді сақтап, ұрпаққа ұлттың мұрасы етіп табыстап отыруында. Ахмет Байтұрсынов жазғанда, «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік».

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзей отыратыны жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тоғынана мөз болып, өртенің ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып толып, өртең төңіреп кетер». Атамекен жер туралы қазақ түсінігі тұтас елдің дәстүрін, үйелі тарихын, философиясын қалыптастырды. Жер туралы елдің біртұтас ұғымы ұлттық сана құбылысына айналды, ата-баба рухы, өткен дәуірдің құндылықтары, ел байлығы, болашақ, тәуелсіздік төл қана ұлттың мұрасы жер бар жерде ғана сақталатындығын, ұлт болмысының негізіне айналды отыратынын ата-бабаларымыз жете түсінген. Бұны бүгінгі ұрпақ та, өртенгі ұрпақ та біледі, сақтайды.

Тарихта елділімен өткен қазақ тұлғаларының ұғымында зиялылар халықтан алшақтамау керек. Егер олардың білімі, дәулеті елге пайда әкелсе, елдің бірлігі нығаяды. Халық арасында бір-біріне деген іштей сенімсіздік, ескеңең ұрпақтың бойында күйзеліс болмайды. Жұрт гәділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқ, шеберлік болмайды» деп Әлихан Бөкейханов айтып кеткен. Бұны ер адам жете түсінуі қажет деп есептейміз. Себебі қазақ зиялыларының ел мүддесіне қамқорлығы өмір талабынан туындаған. Қазақ тұлғалары үшін жер – ұлттың өмірін жалғайтын дүние. Сондықтан ол ұлттың қазынасы ұлт меншігіндегі дүние болып ұрпақтан-ұрпаққа табыстатылып отырмақ.

Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
философия ғылымдарының кандидаты

Тағылым

Раушан Қожагелдиева әкесі Жарылқап пен Дәмеш ағамыздың киелі шаңырағындағы тоғыз перзенттің тұңғышы еді. Әкесінің ақылымен, ананың мейірім-шапағатымен өсіп, өзінен кейінгі бауырларына қамқоршы болған ол сол кездің өзінде ұстаз болуды армандайтын. Жалағаш кентіндегі №123 орта мектепте онжылдық білім алған озат оқушы 1976-1979 жылдары Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищесінде «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығын меңгерді. 2001-2003 жылдары Тараз қаласындағы Әулие ата атындағы педагогикалық институтта жоғары білім алды.

Қалдырған ізі мәңгілік



Осылайша кейіпкеріміз алғаш еңбек жолын 1979 жылы Жалағаш ауданына қарасты сол кездегі Қыш-бөгет елді мекеніндегі №236 орта мектепте мұғалім болып бастады. 1981-1982 оқу жылында Жалағаш кентіндегі №246 орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырған ұлағатты астаз 1982 жылдан бастап 2017 жылға дейін Таң ауылындағы №118 орта мектепте жемісті қызмет етіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны – мұғалім» деген. Білікті педагог 40 жылға жуық ғұмырын мектеп қабырғасында өткізді. Мыңдаған шәкірттің қолына қалам ұстатып, жазуды үйретіп, әріп танытып, қаншама балаға бағдаршам болды. Саналы ғұмырында қажыр-қайратын, қарым-қабілетін ұлт болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне арнады.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп ұлы Абай айтқандай, бүгінде шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада абыройлы қызмет етуде. Олар бүгінде әр салада жеткен жетістігін ұлағатты ұстаздан алған білімімен, тәлім-тәрбиесімен байланыстырады.

Кезінде ұлағатты ұстаздың жетекшілігімен бірнеше сайыста, олимпиадаларда, шығармашылық байқауларға қатысқан оқушылары білім бөйлерінде биіктен көрініп, шәкірттері мектептің мақтанышына айналды. Бірқатар шәкірті «Үздік аттестат», «Алтын белгі» иегері атанды. Оқушылары ҰБТ-дан жоғары балл жинап, еліміздегі маңдайдайды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алу мүмкіндігіне ие болды. Ардақты ұстаздың өзі де осындай зияткер, озық ойлы шәкірттерін әрдайым мақтанды ететін.

Жаны жаңалыққа құмар тәжірибелі педагог өзінің өрен еңбегінің арқасында зейнет жасына үлкен аброймен жетті. Білімді де білікті, әрбір ісіне тынығлықты, ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын ұлағатты ұстаздың еңбегі жоғары бағаланып, сан мәрте құрметке бөленді. 1983 жылы ҚазЛКЖСМ Жалағаш аудандық комитетінің және аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасына ие болса, 1992-2001 жылдары оқыту мен тәрбие берудегі үлгілі еңбегі үшін аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Кейіпкеріміз 1997 жылы аудандық атаулы мектептің шығармашылық ізденіс жұмыстарына белсене араласқаны үшін де «Құрмет» грамотасына лайық деп танылды. Ал 2008 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасы берілді. 2012 жылы аудан өкімінің алғыс хатына ие болса, араға екі жыл салып, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен м

Алтын ұяның тарихы тарқатылды

Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептің 50 жылдық мерейтойына орай білім ордасында арнайы апталық ұйымдастырылып, шара соңы жартығасырлық жетістіктері мен тағылымды тарихын айшықтаған рухани кешпен қорытындыланды. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, мектептің алғашқы директоры Рысалды Ақмолдаева, алғашқы ұстаз Жәмилә Алиева, сондай-ақ бұрынғы мектеп директорлары мен оқу ісі меңгерушілері, ардагер ұстаздар және 1979 жылдан бергі түлектер қатысты.

Тарихы сонау 1975 жылдан бастау алатын білім ордасына биыл – 50 жыл. Қойнауында талай тарихты бүгіп жатқан білім ордасы осынша уақытта мыңдаған шәкірттің жүрегіне нұр құйып, барлығына бағыт-бағдар берді. Солардың жеткен жетістіктері, шыққан биігі, атқарған игі істері – бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Жартығасырлық тарихы бар мектептің мерейтойына арналған шаралар легі «Алтын көпір – 50 жылдық уақыт сапары» тақырыбы аясында апталықпен бастау алды. Алғашқы күні «50 жылдық тарих: кешегі тарих, бүгінгі болашақ» атты апталықтың ашылу салтанаты өтті. Оған аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, білім саласы қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлзат Құрманбаева қатысып, алдағы шараларға сәттілік тіледі. Мұнан кейін «Доппен достық – 50 жылдық жеңіс жолында» ұранымен білім бөлімі мен аудандық білім саласы қызметкерлері кәсіподақ ұйымының қолдауымен қыз балалар арасында гандболдан аудандық біріншілік өтті. Оған 8 команда қатысып, тартысты додада өзара бақ сынасты. Нәтижесінде I орынды Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі, II орынды Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп оқушылары иеленсе, №31 мектеп-гимназиясы үздік үштікті түйіндеді. Ал 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің оқушысы Ж.Қаналхан «Үздік қақпашы» номинациясын иеленді.

Белес



Аудан жастары абырой биігінде

Астанадан ақжолтай хабар жетті. Қазан айында басталған ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен олимпиаданың республикалық кезеңі аяқталды. Аталған олимпиада жаратылыстану-математика бағыты бойынша өткен. Білім додасында қатысушылар математика, физика, химия, биология, география және информатика пәндері бойынша өз білімін саралаған.

Бұл білім додасы еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған дарынды ауыл балаларының білімін шыңдап, олардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаңға айналды. Олимпиада ережесі сай 4 кезең бойынша өтті. Ең алдымен оқушылар мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңнен өтіп, республикаға жолдама алды. Естеріңізде болса, шалғай елді мекендегі дарынды және талантты оқушыларды анықтауға арналған олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 561 оқушы қатысып, оның 519-ы аудандық кезеңге қатысқан болатын. Үш күнге созылған аудандық кезеңнен 106 оқушы облыстық кезеңге жолдама алып, өз білімін саралап, 15 оқушы республикалық кезеңге жолдама алды.

Ігі дәстүрге айналған бұл олимпиадаға биыл еліміздің барлық өңірінен 475 оқушы қатысқан. Қызылорда облысының оқушылары биыл да жоғары нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте III орын иеленіп, «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын жеңіп алды.



Апталықтың келесі күні «Түстер палитрасы 50 жылдық көркем шежіре» атты жас суретшілер байқауымен жалғасты. Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, мектеп тарихы мен жетістіктерін көркем өнер арқылы насихаттап, бейнелеу өнеріне қызығушылығын ояту. Қазылар алқасының шешімімен жүлделі I орын осы мектептің оқушысы Асылжан Сейтжанға бұйырды. Ал II орынға әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің оқушысы Алуа Жаңатай лайық деп танылса, III орынға №115 орта мектептің оқушысы Айда Алдаберді тұрақтады.

Мұнан бөлек «Жыр мұра: жүректен шыққан өлең – жарқын болашаққа бағыт» тақырыбы аясында 7-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік жыр-мұшәйра өтті. Өнерге құштар 18 жас ақын өз жүрегінен шыққан жыр жолдарын көпшілікке ұсынды. Нәтижесінде I орынды Ислам Айдарбек, II орынды Ернұр Қодар мен Жаннұр Ахат иеленіп, Айсұлу Қайнарбек пен Айару Амандық үздік үштікті түйіндеді.

«Өнер өрісі: Мектеп өмірінен бір сәт» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында театрландырылған қойылым сайысы да назардан тыс қалмады. Сайысқа барлығы 6 команда қатысып, әр сынып

өз таланты мен шығармашылығын көрсетті. Төрешілердің әділ шешімімен 6 «а» сыныбы I орын 5 «ә» сыныбы II орын 7 «а» сыныбы III орын иеленді. Сондай-ақ «Үздік актриса» номинациясымен 6-сынып оқушысы Дарига Қожабек, «Ең әсерлі көрініс» номинациясымен 7 «ә» және «Көрермен көзайымы» номинациясымен 6 «ә» сыныбы марапатталды.

«Алтын көпір – 50 жылдық уақыт сапары» апталығы шеңберінде, «Ашық сабақтар шеруі – тәжірибе мен шеберлік алаңы» тақырыбы аясында бірқатар мазмұнды ашық сабақ ұйымдастырылды. Педагогтердің кәсіби шеберлігін танытатын бұл сабақтар қатысушыларға тың тәжірибе мен жаңа әдістемелік бағыт ұсынды.

Мұнан бөлек апталық аясында «Ақыл қайрат, жүрек: 50 жылдық білімнің үш бәйтерегі» атты отбасылық зияткерлік сайыс өтті. Сайысқа 7 отбасы қатысып, білім мен өнерде тапқырлықтарын ортаға салды. 5 кезеңнен сүрінбей өткен Шайғузовтар отбасы I орын, Көнбаевтар отбасы II орын, Аймахановтар және Қуантаевтар отбасы III орын иеленді. Апталықтың бұл күні «Самғатқан сан түлекті алтын ұя» атты түлектердің кездесуімен қорытындыланды. Шараға еліміздің әр қаласында қызмет етіп жүрген алғашқы түлектер, кеше ғана мектеп

бітірген жас түлектер қатысып, алтын ұяда өткен жылы естеліктерімен бөлісті. Кездесу барысында олар ұстаздарына алғысын жаздырып, артынан өрген жас буынға ақыл-кеңесін айтты.

Апталықтың соңғы күні «50 жылдық шежіре – мәңгілік мұра» атты салтанатты жиынмен қорытындыланды. Жиын барысында мектептің ардагер ұстазы, «Жалағаш – достық мекен» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мирман Дина Нұржанқызының мектеп тарихынан сыр шертетін «Жарты ғасырлық жылнама» кітабының тұсауесер рәсімі өтті. Бұл кітап – мектептің өткені мен бүгінгі сабақтастырып, ұрпақтар үндестігін айғақтайтын құнды еңбек. Сондай-ақ бір ұжымның ғана емес, тұтас бір буынның тарихын тасқа басқан тағылымды туынды. Бұл кітапта мектептің 50 жылдық тарихы, жүріп өткен жолы мен жеткен жетістігі жазылған. Әр беті – тарих, әр жолы – тағдыр, әр есімі – естелік.

Шара соңында еліміздің әр түкпірінде еңбек етіп жүрген мектеп түлектері мерейтойға орай арнайы бейнеқұттықтаулар жолдап, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Бұл сәт түлектер мен оқу орны арасындағы алтын арқаудың үзілмегенін дәлелдей түсті.

Бәрекелді!

Қаламы қарымды Қарақат

Биыл елімізде алғаш рет Жамбыл облысы Сарысу ауданының Жаңатас қаласында 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық «Маралтай оқулары» шығармашылық байқауы өтті. Аталған шараның басты мақсаты – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Маралтай Райымбекулының шығармашылығын кеңінен насихаттау.



Байқауға еліміздің барлық өңірінен іріктелген 35 оқушы қатысып, екі кезең бойынша сынга түскен. Алғашқы «Тарпаң мінезді Маралтай» номинациясында қатысушылар ақын Маралтай Райымбекулының өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыған. Ал екінші «Жаңа ғасыр, жаңа заман» номинациясында жас ақындар өз шығармаларын мәнерлеп оқу бойынша бақ сынаған. Аталған байқаудың екінші номинациясында топ жарған кейіпкеріміз Қарақат Ғани жүлделі II орын иеленген. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов ауылындағы ақын Әбдікерім Оңалбаев атындағы №117 орта мектептің түлегі.

Жалпы мен бұл байқауды екі апта бұрын естіп дайындалдым. Ақын Маралтай Райымбекулының өмірі мен шығармашылығымен толық танысып, өлең жинақтарын оқып шықтым. Шыны керек, ақынның шығармашылығы маған қатты ұнап, мені қанаттандырды. Байқаудың аудандық кезеңінде ақын Серік Жасұлан Маралтай ақын жайлы көптеген тың ақпарат берді. Соның нәтижесінде қызығушылыым одан сайын арта түсті, – дейді Қарақат Еркінқызы.

Кейіпкеріміз байқаудың аудандық кезеңінде «Уақыт» тақырыбында, облыстық кезеңде «Әжемнің ақылы», республикалық кезеңде «Анамның сөзі» тақырыбы аясында 50 минут ішінде өлең жазып шығарған. Сондай-ақ ол сұхбат барысында байқауға қатысушылар өз өлең жинақтарында алып барғанын айтады.

Қарақаттың өлеңдер жинағында бүгінде 120 шығарма бар. 7-ші сыныптан бастап қалам ұстаған Қарақат түрлі тақырыптағы мүшәйраларға қатысып, жүлдесіз қайтпаған. Айтуынша, оған бұл дарын ата-бабаларынан дарыған. Ең алғаш тәуелсіздік тақырыбында өлең шығарып, кейін «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары», «Мағжан оқулары», «Махамбет оқулары», «Төлеген Айбергенов оқулары» сынды байқауларда жүлделі орын иеленген.

Кез келген тақырыпта еркін қалам тербетіп Қарақат былтыр «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында «Есірткінің адамзатқа кесірі» тақырыбы аясында өткен жыр-мүшәйраның аудандық, облыстық кезеңінде жүлделі I орын иеленген. Мұнан бөлек аудандық «Абайтану» олимпиадасы мен балалар шығармашылығын дамытуға арналған көшпелі әдеби алаңда «Сырлы сөздің шебері» номинациясымен марапатталған. Сондай-ақ «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде «Ақын да бір бала ғой, ойға ұмтылған» номинациясы бойынша I орынмен марапатталған. «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінде «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша II орын иеленген.

Қарақат – мектебіміздегі озат оқушының бірі. Өзіне берілген тапсырмаларды тиянақты, уақытылы орындайды. Мектепте өтетін іс-шараларға белсене араласып, қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қарайды. Оқушылар арасында беделді, білімімен жан-жақты оқушы екенін көрсетіп жүр. Қарақат секілді үздік оқушым бар екенін үнемі мақтанышпен айтып жүремін. Бұйыртса, алдағы білім сынағынан да жоғары балл жинап, сенімімізді ақтайды деп ойлаймын, – дейді жетекшісі Гүлзат Дабылова.

Жоғарыда айтып өткенімдей, кейіпкеріміз – келер жылы мектеп бітіреді. Ол алдына қойған мақсатына жету үшін дайындықты 10-шы сыныптан бастаған. 11-ші сыныпқа дейін барлық пәннен жеке-жеке онлайн курс оқып, мектепшілік, аудандық сынама тесттерден жоғары нәтиже көрсеткен. Ол сұхбат барысында қолдау көрсеткен ата-анасына алғысын жеткізді.

– Таңдау пәнім – қазақ әдебиеті. Мен ҰБТ-ға дайындалам дегеннен ата-анам маған бар жағдайды жасады. Қосымша онлайн курстарға қатыстырып, үй жұмыстарынан да босатып, бар ойымды тек сабаққа бөлуге ықпал етті. «Біз саған сенеміз» деп әрқыз жанымынан табылып, қолдау білдірді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды көздеп отырмын. Ең соңғы сынама тесттен 95 балл жинадым. Алдағы уақытта бұдан да жоғары балл жинап, ата-анам мен ұстаздарымның үмітін ақтаймын, – дейді ол.

Озат оқушының қабілетін байқап, талантын шыңдауға зор мүмкіндік беріп, бағыт-бағдар көрсеткен мектеп ұжымының еңбегі өлшеусіз. Ұстаздарының айнасы болып, мектеп мақтанышына айналған Қарақаттың білім бәйгесіндегі биіктігінен үлгі алар оқушы көп.

Бетті дайындаған
Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2053

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан